




МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ ТИМУР СҮЛЕЙМЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ



Президентке экономика мен қаржы жүйесінің жай-күйі және биылғы қаңтар-қараша айларында жүргізілген ақша-несие саясатының негізгі бағыттары жөнінде есеп беріліп, 2026 жылға арналған жоспар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа іскерлік белсенділік, инфляцияға ықпал ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру үшін қабылданған шаралар туралы айтылды. Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономиканы тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті.

Мемлекет басшысына қаржы, валюта және мемлекеттік бағалы қағаздар нарықтарындағы жағдай, Ұлттық қор мен Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры активтерінің, алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері Ұлттық қордың валюталық активтері 4,8 миллиард долларға өсті. 11 айдағы инвестициялық табыс шамамен 8,2

миллиард долларды немесе 13,7 пайызды құрады. Есепті кезеңде алтын-валюта резервтері 16,3 миллиард долларға немесе 36 пайызға ұлғайып, 62,1 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі биыл қаңтар-қараша айларында 2,6 триллион теңгеге немесе 11,7 пайызға артып, 25 триллион теңге болды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаппай цифрландыру барысы және Ұлттық банктің цифрлық жобалары жөнінде баяндалды. Соның ішінде Антифрод орталықтың жұмысына, ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымдарын технологиялық тұрғыдан жүзеге асыруға мән берілді. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын сақтап, инфляцияны орташа 5 пайыздық межеде ұстап тұру үшін барлық қажетті шараны қабылдауда.

Кездесу соңында Президент инфляцияны төмендетуге, қаржы нарығы мен цифрлық трансформация секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге баса назар аударып, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар тапсырма берді.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ҮКІМЕТТЕ КӨЛІК-ТРАНЗИТ САЛАСЫН ДАМУЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көлік-транзит саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Онда көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, қаржы министрі Мәди Такиев, жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев баяндама жасады.

Көлік министрлігінің мәліметінше, биыл 13 мың шақырым жол салынып, жөнделген. Автотасымалдаушылар 288 млн тонна жүк жеткізді (+1,7%), жолаушылар ағыны 1,5 млрд адамға жетті (+12,2%). Көліктік бақылауды автоматтандыру және электронды ілеспе құжаттарды енгізу жалғасуда. Авиацияда 139,6 мың тонна жүк өңделіп, 13,1 млн жолаушы тасымалданды. Темір жол тасымалы 380,3 млн тонна (+7,9%) құрап, 16,4 млн жолаушы тасымалданды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойғанын атап өтті. «Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, Транскаспий халықаралық көлік бағытының (ТХКБ) өткізу қабілеті ұлғайтылды, шетелдік серіктестермен тарифтік саясат үндесімді түрде жүргізіліп, жүктерді жеткізу мерзімдері қысқартылды. Автожол инфрақұрылымын транзиттік және халықаралық дәліздерге басымдық бере отырып жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде контейнерлік тасымал көлемі өсті. Қазақстан-Қытай шекарасында пилотсыз тасымал мен бірыңғай электрондық декларацияны қамтитын «Асылды кеден» жобасы жүзеге асырылып жатыр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қабылданған шаралар нәтижесінде биылғы 10 айда Қазақстан арқылы транзиттік тасымал көлемі 29 млн тоннадан асып, нақты өсім көрсетті. Бұл ретте Премьер-министр транзиттік жүк тасымалы үшін бәсеке күшейіп бара

жатқанын, әсіресе, халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі процестерді жылдам цифрландыру арқылы көлік логистикалық жүйенің қолда бар әлеуетін белсенді түрде кеңейту қажет екенін атап өтті.

Президент Жолдауын жүзеге асыруда басым бағыттардың бірі жүк қозғалысына онлайн-мониторинг жүргізу, мемлекеттік және жеке цифрлық платформаларды интеграциялау үшін толықтай цифрлық шешімдерді, оның ішінде Smart Cargo экожүйесін енгізу болды. Алайда, бүгінде сервистердің барлығы бірдей қосылып, жұмыс істеп тұрған жоқ. Премьер-министр Көлік министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын аяқтауды тапсырды.

Жуырда өткен кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткен көлік-тасымал саласын дамыту үшін авиахабтарды дамытудағы басымдық баса айтылды. Осыған байланысты Үкімет ұшу географиясын кеңейту, жаңа шетелдік авиа тасымалдаушыларды тарту, еліміздің әуежайлары арқылы жүк және жолаушылар ағынын арттыру бағытында жұмыс жүргізуде. Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, арнайы техниканы жаңарту және жолаушылар мен әуе компанияларына қызмет көрсету сервистерін цифрландыру жүзеге асырылуда. Мұның бәрі қазақстандық әуежайларды бәсекеге қабілетті өңірлік хабтарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Олжас Бектенов көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесін дамыту қажеттігін атап өтті. Қазірдің өзінде деректердің бірыңғай массиві жасалып, жүк қозғалысын бақылау модульдері іске қосылды, бірақ жүйенің қазіргі монолитті архитектурасы оны интеграциялау мен инновациялық шешімдерді енгізу кезінде қиындықтар туғызуда. Көлік министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, аталған жүйені ашық интерфейстері бар модульдік және масштабталатын архитектураға көшіру, көлік ағындарын болжау мен басқару үшін жасанды интеллектті кезек-кезеңімен енгізу тапсырылды.

Сонымен қатар Премьер-министр көлік-транзит саласы бойынша бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, автожол инфрақұрылымы сапасын жақсарту аясында жобаларды жүзеге асырудың цифрлық мониторингін қамтамасыз ету керек, өңір әкімдіктері 2026 жылғы 1 шілдеге дейін жергілікті жолдарды толық паспорттауды аяқтап, а в т о м а т т а н д ы р ы л ғ а н өлшеу стансаларын орнатуды жеделдетуі қажет. Іске қосылатын «Е жолдар» жүйесі жолдардың жағдайын есепке алу, ақауларды тіркеу және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылау құралы болуы тиіс.

Әуе жүктерін тасымалдауда электронды құжат айналымына көшуді жеделдету үшін Көлік министрлігіне Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, 2026 жылдың 1 наурызына дейін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны аяқтау, кедендік, ветеринариялық және фитосанитариялық құжаттар бойынша деректер алмасуды автоматтандыру тапсырылды.

Темір жол саласында Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту бойынша қосымша шаралар әзірленеді.

Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту жөнінде шаралар әзірленеді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, желтоқсан айында мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстары аяқталады. Жақын арада 5 өткізу пункті іске қосылады. Осылайша, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы контурындағы барлық өткізу пункттері халықаралық стандарттарға сай болып, жүктердің жылдам өтуін қамтамасыз етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Олжас Бектенов Көлік министрлігіне «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірге жұмыс қарқынын жеделдетіп, өткізу пункттерінің құрылысын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Аталған мәселе Премьер-министрдің тікелей бақылауында.

Сондай-ақ ведомство мен компаниялар әкімдіктермен бірлесіп, жеке инвестицияларды белсенді түрде тарта отырып, халық пен тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасауы қажет.

Жұмысты жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

primeminister.kz

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ: 2025 ЖЫЛЫ 125 МЫҢ БАЛА МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУМЕН ҚАМТЫЛДЫ

2025 жылы Қазақстан балаларға медициналық оңалтудың қолжетімділігін едәуір кеңейтті. «Қамқорлық» жобасы шеңберінде Атырау, Қызылорда, Алматы, Маңғыстау, Жетісу және Ақмола облыстарында 6 жаңа ауданаралық оңалту орталығы ашылды.

Ағымдағы жылы барлығы 125 мың бала оңалту көмегін алды. Сонымен қатар, балалар денсаулығы саласындағы мамандандырылған бағдарламаларды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Елімізде «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасының тұжырымдамасы және 2026-2030 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары әзірленді.

Құжат әр баланың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған барлық қолданыстағы және жоспарланған шараларды біріктіреді. Бұл Қазақстандағы мемлекеттің, ата-аналардың, педагогтардың, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметтер мен ҰЕҰ-ның күш-жігерін біріктіретін алғашқы кешенді бағдарлама.

«Сырлы дыбыс» - есту қабілеті бұзылған балаларды қолдау жобасы. Ағымдағы жылы заң қабылданды, соған сәйкес 2026 жылдан бастап I-III дәрежелі есту қабілеті бұзылған балалар жергілікті бюджеттердің есебінен сүйек өткізгіштік операцияларынан кейін есту аппараттарымен және аудиопротекторлармен қамтамасыз етілетін болады.

«Ажарлы келбет» - балаларға реконструктивтік көмек жобасы. МӘМС жүйесінде бет пен бастың туа біткен анатомиялық кемістіктерін бар балаларға реконструктивтік және пластикалық операциялар енгізілді.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет ресурсы



ПОЛИЦИЯНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛІП ЖАТҚАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Сәкен Сарсенов Жетісу облысының полиция департаментіне барды. Сапардың негізгі мақсаты – өңірлік полицияны цифрландыру ба-рысын тексеру және енгізіліп жатқан технологиялардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділігін бағалау.

Соңғы жылдары департамент құқық бұзушылықтардың алдын алу және жедел-қызметтік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи цифрлық шешімдерді жүйелі түрде енгізіп келеді. Тек осы жылдың өзінде негізгі жобаларды жаңғырту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды: ақпараттық-коммуникациялық жүйелер, бейнеаналитика құралдары, мобильді кешендер және смарт-технологиялар енгізілді.

Ауқымды бағыттардың бірі – “Кілеммен жабу” жобасын дамыту. Оның аясында бейнекамералар-дан түсетін деректерді Жедел басқару орталығына (ЖБО) және кезекші бөлімдерге жүйелі түрде шығару қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда облыс аумағында 43 мыңнан астам бейнебақылау камера-сы орнатылған, оның 20 мыңнан астамы ЖБО-ға қосылған. Облыстағы мектептердің басым бөлігі қазіргі қауіпсіздік талаптарына сай – бейнекамералар және “SOS” дабыл түймелерімен жабдықталған. Полицияның барлық қызметтік кабинеті 100% бейнебақылаумен қамтылған және ИІМ-нің бірыңғай “ЕГСВ-2” платформасына қосылған, бұл қызметтік әрекеттердің ашықтығын және бақылауды арттырады.

Сонымен қатар департамент 150 электрондық білезікпен толық қамтамасыз етілген және олар қазіргі уақытта қолданыста. Сервис моделі аясында облыстағы барлық сыртқы қызмет жаңа буындағы смарт-видеожетондармен жабдықталды. Бұл қызметтік іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі тіркеуге мүмкіндік беріп, азаматтардың сенімін айтарлықтай арттырады.

Қоғамдық орындарға кез келген оқиғаға жедел ден қоюға мүмкіндік беретін 25 “SOS” түймесі орнатылған. Азаматтарға ыңғайлы қызмет көрсету үшін етініштерді қабылдаудың омниканалды жүйесі дамуда. Талдықорғанда “102” қосымшасы операторлары үшін 3 жұмыс орны құрылған, тағы 9 нүкте аудандық бөлімшелерде жұмыс істейді. Өңірде цифрлық радиобайланыс жүйелері де қарқынды дамуда – қазіргі уақытта Tetra және DMR жүйесінің 7 станциясы орнатылған. “102” желісі бойынша хабарламаларды автоматты тіркеуді қамтамасыз ететін ОЦУ 2.0 бағдарламалық қамтамасыз етуі аудандық деңгейге дейін енгізілген және тәулік бойы жұмыс істейді.

Жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда: өңірде ПДД бұзушылықтарын тіркейтін Ekin-patrol G2 мобильді кешендері қолданылады. Сондай-ақ департамент қоғамдық тәртіпті бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолжетімсіз және ауылдық аймақтарды мониторингілеу үшін



пайдаланылатын 43 ұшқышсыз ұшу аппара-тымен жабдықталған.

Сапар қорытындысында министрдің орын-басары цифрлық технологиялардың негізгі бағыттарының жұмысын жеке тексеріп, жаңа жедел басқару орталықтарының функцио-налымен танысты, сондай-ақ өңірдегі апатты-қауіпті аумақтар мен жуырда ашылған аудандық ЖБО-ларды аралап көрді.

Ішкі істер министрінің орынбасарының бұл жұмыс сапары Жетісу облысы полициясының цифрлық трансформация үдерісіне баға берудегі маңызды кезең болды. Бүгінде өңір құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету-де қауіпсіз, технологиялық және ашық жүйе құруға нық қадам басып келеді.

Дереккөз: ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми интернет ресурсы

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – САЛАУАТТЫ ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ



Қоршаған ортаны қорғау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Табиғаттың тепе-теңдігін сақтау, жасыл желекті көбейту, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру – еліміздің тұрақты дамуының басты шарттары. Осы бағытта Қазақстанда соңғы жылдары маңызды бастамалар қолға алы-нып келеді. Соның ішінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы-мен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы – ел халқының бірлігін көрсететін, табиғатты қорғау саласындағы ауқымды шаралардың бірі.

«Таза Қазақстан» акциясының негізгі мақсаты – ел аумағында санитарлық тазалықты қамтамасыз ету, табиғи аймақтарды қоқыстан арылту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Бұл баста-ма тек қоқыс жинаумен ғана шектелмейді. Ол экологияға деген көзқарасты өзгертуге, әрбір азаматтың табиғатты қорғау ісіне тікелей қатысуына мүмкіндік береді.

Шара барысында өзен-көлдердің жағалаулары, ормандар, саябақтар, тарихи орындар және елді мекендердің шет аймақтары тазаланады. Қала ішіндегі аумақтармен қатар, ауылдар мен шалғай өңірлер де толық қамтылады. Бұл – акцияның республикалық деңгейде жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Акцияның ең ерекшеленетін тұсы – оған қатысушылардың ауқымды саны. Тазалық жұмыстарына: -волонтерлер ұйымдары, -мемлекеттік қызметкерлер, -экобелсенділер, -жеке компаниялар мен мекеме қызметкерлері, -жастар ұйымдары, -және қарапайым тұрғындар белсене атсалысуда. Әсіресе жастардың белсенділігі мақтауға лайық. Олар табиғатты қорғаудың маңызын терең түсініп, әлеуметтік желілер арқылы қоғамға үлгі көрсетуде.

Халықтың белсенді қатысуы акцияның тек белгілі бір топқа емес, бүкіл қоғамға ортақ іс екенін дәлелдейді. Осылайша, бір күндік іс-шара тек тазалықпен шектелмей, азаматтардың экологиялық са-насын көтеруге ықпал етеді.

Табиғатты қорғау тек белгілі бір кезеңдік шара емес, үздіксіз жалғасуы тиіс мәдениет. «Таза Қазақстан» акциясының басты ерекшелігі – халықтың санасында табиғатқа деген жауапкершілікті қалыптастыру. Тазалыққа қатысу арқылы адамдар:

- табиғи аумақтарды ластамаудың маңызын түсінеді;
- қоршаған ортаны қорғау – әр адамның міндеті екенін сезінеді;
- экологиялық тәртіп пен мәдениетті жоғары қояды;
- балалар мен жасөспірімдерге үлгі көрсетеді.

Мұндай үлкен акциялар қоғамда экологиялық сауаттылықты күшейтіп қана қоймай, қоршаған орта-ны қорғауға бағытталған ұзақ мерзімді мәдениетті қалыптастырады.

«Таза Қазақстан» тек экологиялық жағдайды жақсарту шарасы емес, ол – қоғамды біріктіретін құндылық. Бір аумақты тазалау үшін жүздеген адамның бірігіп еңбек етуі, ортақ жауапкершілік сезімін күшейтеді. Бұл – елдің бірлігін, ортақ мүддеге деген ұмтылысын көрсететін маңызды фактор.

Сонымен қатар акция барысында көптеген әлеуметтік жағдайы төмен немесе көпбалалы отба-сылар тұратын аудандар да тазартылып, өмір сүруге қолайлы жағдай жасалады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тұрмыс сапасына оң әсер етеді.

«Таза Қазақстан» акциясы бір реттік науқан емес. Ол жыл бойы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Әр облыс, аудан, ауыл өзіндік жоспар жасап, аумақтарды тазалау, көгалдандыру, ағаш отырғызу, су айдындарын қалпына келтіру жұмыстарын жолға қойған.

Бұл экологиялық мәдениеттің тек іс-әрекет ретінде емес, өмір салтына айналып келе жатқанын көрсетеді.

«Таза Қазақстан» – еліміздің табиғи байлықтарын қорғауға бағытталған, қоғамды біріктіретін, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын маңызды бастама. Экология – бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де ең басты міндеттердің бірі. Сондықтан мұндай акциялар еліміздің экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, табиғатты аялауға деген сана мен жауапкершілікті арттырады.

Табиғатты сақтау – әр азаматтың парызы. «Таза Қазақстан» акциясы осы жауапкершілікті қайта еске салып, жарқын болашаққа жасалған нақты қадам болып отыр

АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ КҮШЕЙТІЛДІ



Елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістер қабылданды.

Бұған дейін 2024 жылы балалардың құқықтарын қорғау сала-сында алты маңызды заң қабылданып, балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге, бала-лар саудасының алдын алуға бағытталған құқықтық тетіктерді заңнамалық деңгейде бекітті. Жаңа заңнның қабылдануы балаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету шараларының жүйелі жалғасы болды.

Енді жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды асырап алу немесе қамқоршылыққа беру кезінде олардың туған-туыстарына басымдық беріледі. Егер жақын туыстары табылмаса, бала заңды некеде тұрған отбасына орналастырылады. Сонымен бірге бала асыраушы отбасында болған кезеңде оның заңды өкілінің сотқа тартылуы немесе психоневрологиялық немесе наркологиялық диспансерде есепке алынуы қамқоршылық міндетінен дереу шетте-туге негіз болады. Бұл норма баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар үстінен қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан азаматтарға бала асырап алуға, қамқоршылық жасауға немесе патронаттық тәрбиеге қатысуға тыйым салынады.

Бұдан бөлек, қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушылар енді жыл сайын денсаулығы, табыс кезі, тұрмыстық жағдайы және соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді тапсырып, өздерінің сенімділігін растауы тиіс.

Жаңа нормалар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау жүйесін күшейтіп, оларды отбасында тәрбиелеу жағдайларын тұрақты бақылаудың тиімділігін арттыруға, ықтимал қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Дереккөз: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет ресурсы

АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ



Қазіргі заманда қоғамның тұрақтылығы мен дамуы құқықтық сауаттылыққа, яғни азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуіне тікелей бай-

ланысты. Әрбір адам туған сәттен бастап белгілі бір құқықтарға ие және оларды қорғайтын заңдар бар. Сол құқықтарды толық және дұрыс пайдалану үшін адамдарға құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіру – мемлекет пен қоғам үшін аса маңызды міндет.

Адамдардың негізгі құқықтары Конституция мен заңдарда бекітілген. Оның ішінде өмір сүру, бостандық, жеке басының қауіпсіздігі, білім алу, еңбек ету, денсаулық сақтау, меншікке ие болу сияқты құқықтар ерекше орын алады. Бұл құқықтар адамның қадір-қасиетін қорғауға, қоғамда еркін және қауіпсіз өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Алайда құқықты білу ғана жеткіліксіз, оны қолдана білу де маңызды. Егер азамат өз құқықтарын білсе, заңсыз әрекеттерге жол бермеуге, қиын жағдайда құқықтық көмек сұрауға және әділ шешім талап етуге қабілетті болады. Сондықтан құқықтық ақпараттандыру жұмыстары — қоғамдағы әділеттіліктің кепілі.

Құқықпен бірге әр адамға тиесілі міндеттер де бар. Заңдарды сақтау, салық төлеу, қоғамның тәртібін құрметтеу, табиғатты қорғау, Отанды қорғау — бұл әр азаматтың қоғам алдындағы борышы.

Міндеттерді орындамай, тек құқық талап ету – дұрыс емес. Құқық пен міндет – бір-бірін толықтыратын түсініктер. Сондықтан азаматтарға міндеттердің маңызын түсіндіру — жауапкершілікті арттырудың тиімді әдісі. Әсіресе жас-стар арасында заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру қоғамның болашағы үшін маңызды.

Адамдарға құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіру жұмыстары мектеп-тен, балабақшадан басталуы тиіс. Оқу орындарында құқық негіздері пәнін оқыту, құқықтық сауаттылыққа арналған семинарлар, тренингтер, түсіндірме сабақтар өткізу — жас ұрпақтың заңды құрметтеуіне жол ашады.

Үкіметтік емес ұйымдар, ақпараттық ресурстар, әлеуметтік желілер де құқықтық мәдениетті арттыруда маңызды рөл атқарады. Қарапайым халыққа құқықтық кеңестер беру, тегін заңгерлік көмек көрсету, ақпараттық науқандар ұйымдастыру — құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді тәсілдері.

Құқықтарын білетін, міндеттерін орындайтын азаматтардан тұратын қоғамда әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа, құқық бұзушылыққа орын аз бо-лады. Адамдар арасындағы сыйластық артып, қоғамда сенім қалыптасады.

Құқықтық мәдениет:

- азаматтардың өзін-өзі қорғауына мүмкіндік береді;
- әлеуметтік қатынастарды реттейді;
- заң алдындағы теңдікті қамтамасыз етеді;
- мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтады.

Мұндай қоғамда әр адам өзін қауіпсіз сезінеді, өз болашағына сеніммен қарайды. Адамдарға құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіру — әділетті, қауіпсіз және тұрақты қоғам құрудың негізгі шарты. Құқығын білетін адам – еркін адам, міндетін орындайтын адам – жауапты азамат. Сондықтан құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған жұмыстарды тоқтатпай, оны әр салада нығайту — ел дамуының маңызды бөлігі.

ЖАЛЫҚҚА ЖАРЫҚ, ӨМІРГЕ ҚУАТ СЫЙЛАҒАН ЕҢБЕК АДАМЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР

Бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі - электрик. Қандай мекеме, кәсіпорынды алсақ та, электр жарығынсыз жұмыс істей алмайды. Тіпті, әрбір үйдің тыныс-тіршілігін электр қуатынсыз көзге елестету қиын.

XIX ғасырдың II жартысында пайда болған бұл мамандық бірден халық арасында кең тарады. Егер электр жарығын бір мезет сөндірсек, көптеген саланың жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан бұл кәсіптің өміршеңдігі жойылмақ емес. Қысқасы, электрикке әрқашан жұмыс табылады. Бұл қауіпті мамандық болғандықтан, оның иесіне қателесуге болмайды. Ел ішінде «Электрик бір-ақ рет қателеседі» деген әйгілі сөз бар. Электрик үнемі жоғарғы, төменгі кернеулі токпен жұмыс істейтіндіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөлуі керек. Электр тоғының иісі, шуы жоқ, қауіптің қай жағынан келетінін бағамдау өте қиын. Сол себепті жұмыс үстінде сақ болу қажет. Осындай мамандық иесі – Самат Айтқалұлы.

Кәсіби электриктің жұмысы Электриктер өнеркәсіптік саланың және негізінен азаматтық құрылыс саласындағы іргелі мамандар. Негізінен, кәсіби электриктің жұмысы - үйлерді, кеңселерді, сондай-ақ өндірістік мақсаттар үшін 100% қауіпсіз және тиімді жұмыс істейтін электр жүйелерін монтаждау, сынау, сыммен қамтамасыз ету. Бұл кәсіпқойлар механика, техникалық қызмет көрсету, электроника және басқа салаларда мамандандырылуы мүмкін, және олар инженерлік-өнеркәсіптік қызмет көрсету аймағынан бастап, жүк өңдеу машиналары мен күрделі жөндеу жүйелерін монтаждау бойынша жөндеу қызметінен бастап техникалық инженерлермен тығыз байланыста және серіктестікте жұмыс істейді. электр сымдары. Өте жақсы электрик - бұл құрылыс компаниясының маңызды активтерінің бірі деп айтуға болады.

Техникалық курстарда оқыған электриктер қарапайым электр тетіктерін орнатуға, өнеркәсіптік жүйелерге арналған ең күрделі жобалар үшін компьютерлер мен телефония жүйелеріне коаксиалды кабельдер орнатуға қабілетті еңбек нарығына еніп жатыр. Олар электр жабдықтары мен құралдарына ең қолайлы сымдар материалдарының түрлерін қолданудың мамандары. Сондай-ақ, техникалық қызмет көрсету және басқа да инженерлік секторлардағы электриктердің жұмысы дизайнды қалай оқып, түсіндіруге болатындығын білу болып табылады және олар көбінесе ғұмарат жобасын жарық эффектілері бойынша аяқтайды.

Электриктің жұмысы электр тоғының соғуы, ормандардан немесе баспалдақтан құлау сияқты апаттардың үлкен қауіпін тудырады. Олар ең қолайсыз жағдайларда жұмыс істейді, сондықтан ауыр аварияларды болдырмау үшін әрдайым жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қажет, әсіресе кәсіби мамандар электр тізбектерін монтаждаумен және бақылаумен тікелей жұмыс істейді, өндіріс орындарында болсын, азаматтық құрылыста болсын.

Жалпы, қай мамандықты таңдасаң да, бар ынтаңмен жұмыс істеу абзал. Сонда еңбегің еленіп, көптеген жетістіктерге жетесің.

Электрик мамандығы — адам өміріне жарық пен жайлылық сыйлайтын қадірлі кәсіп. Олардың еңбегі көп жағдайда көзге түспесе де, қоғам үшін орны ерекше.

Еңбегі жанған әр электрик — ерлікке пара-пар жауапкершілікті арқалап жүрген қарапайым еңбек адамы.

Олардың маңдай терімен халық үйлеріне жарық, тіршілікке қуат келеді.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ: МӘМС АЯСЫНДА БАЛАЛАРҒА ТІС ИМПЛАНТТАРЫН ОРНАТАТЫН ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖОҚ

«Балаларға импланттар мен брекеттерді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен орнататын пилоттық жоба» басталғаны туралы әлеуметтік желілерде тараған ақпарат шындыққа жанаспайды. МӘМС жүйесінде тек балаларға жедел және жоспарлы түрде бірқатар стоматологиялық қызметтер, соның ішінде ортодонтиялық көмек қана қарастырылған.

Ақпараттық кеңістікте Алматы, Астана, Шымкент қалаларында және бірқатар облыстарда 18 жасқа дейінгі балаларға МӘМС аясында брекеттер мен импланттар орнату бойынша пилоттық жоба іске қосылғаны туралы хабар тараған болатын. Алайда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазіргі уақытта мұндай жобаның іске қосылмағанын ресми түрде хабарлайды.

«Естеріңізге сала кетейік, МӘМС бойынша тегін тіс емдеу көмегіне халықтың белгілі санаттары қол жеткізе алады. Атап айтқанда, балалар жедел және жоспарлы стоматологиялық қызметтерге жүгіне алады. Оларға күрделі тіскегіні, пульпитті және периодонтитті емдеу, тіс түбірін пломбалау, тіс жұлу, абсцессті ашу, пластикалық операциялар, пародонт қалталарын санациялау, сондай-ақ алдын алу шаралары - фиссураларды герметизациялау, реминерализация, миотерапия және басқа да қызметтер кіреді. МӘМС жүйесі бойынша сондай-ақ ортодонтиялық көмекті де алуға болады. Ортодонтиялық көмек жақ-бет аумағының туа біткен патологиясы бар балаларға, тіс-жақ аномалиялары бар аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көрсетіледі», – деп мәлімдеді Қордың баспасөз қызметі.

Аталған қызмет тізіміне ортодонт кеңесі, туа біткен жақ-бет патологиясы бар балалар үшін ортодонтиялық пластинканы қолдана отырып тіс-жақ аномалияларын түзету, ортодонтиялық коррекция, кешенді бастапқы тексеру, тіс қалыбын алу, сүт және тұрақты тістерді тегістеу, сондай-ақ ортопантомография кіреді.

Туа бітпті және жүре пайда болған жақ-бет аймағының деформациялары бар балаларға медициналық көмек стоматолог дәрігердің көрсетілімдері бойынша амбулаториялық жағдайда немесе стоматологиялық және жақ-бет хирургиясы қызметтерін көрсететін медициналық ұйымдарда бет-жақ хирург-дәрігері тарапынан көрсетіледі. Барлық аталған қызметтер МӘМС аясында ұсынылады.

Еске саламыз: Жоспарлы стоматологиялық көмекті балалар мен жүкті әйелдер ала алады. Жедел стоматологиялық көмек төмендегі санаттарға көрсетіледі: -балалар; -жүкті әйелдер; -зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлеріне; -1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар азаматтарға; -атаулы әлеуметтік көмек алушыларға; -жұқпалы, әлеуметтік маңызы бар аурулармен және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын пациенттерге; -ерекше баланы немесе І топ мүгедегін күтетін жұмыс істемейтін тұлғаларға; -«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға.

Бұл ретте жағдайдың жедел санатына жатқызылуы, оның ішінде қатты ауырсынудың бар-жоғы – пациенттің жағдайына жүргізілген клиникалық бағалау негізінде стоматолог дәрігердің қабылдайтын шешіміне байланысты.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

РАННЯЯ ДИАГНОСТИКА СТАНЕТ ДОСТУПНЕЕ В 2026 ГОДУ

В Фонде социального медицинского страхования рассказали, какие медицинские услуги с января 2026 года переходят из пакета ОСМС в гарантированный объем бесплатной медицинской помощи и тем самым будут доступными и незастрахованным.

Как сообщалось ранее, с принятием нового Закона от 14 июля 2025 года предусматривается переход системы здравоохранения на преимущественно страховую модель. В рамках этой работы ключевым направлением является поэтапная интеграция объемов медицинской помощи из пакета гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОВМП) в систему ОСМС, начиная с 2026 года.

Однако предусмотрены и важные изменения, которые направлены на повышение доступности медицинских услуг, связанных со своевременным выявлением серьезных заболеваний.

«Особенно значимо для нас то, что скрининговые исследования переехали из пакета ОСМС в пакет ГОВМП, в том числе онкологические скрининги. Это изменение позволяет предоставлять доступ для всего населения к услугам ранней диагностики таких заболеваний, как рак шейки матки, рак молочных желез, колоректальный рак, артериальная гипертензия, ишемическая болезнь сердца, глаукома, вирусные гепатиты. К тому же, в ходе скринингов медицинские работники могут выявить и предшественствующие болезни изменения в организме, и не допустить их дальнейшего развития», – рассказала заместитель председателя правления ФСМС Сауле Тажибаева.

Также она отметила, что в рамках Закона предусмотрено включение в пакет гарантированного объема бесплатной медицинской помощи ранней диагностики при подозрении на социально значимые заболевания. Сейчас в ГОВМП медицинские услуги для установления диагноза проводятся только при подозрении на ВИЧ и туберкулез. В остальных случаях пациентам нужно застраховаться, чтобы пройти диагностику и подтвердить наличие социально значимого заболевания. Только потом они могут получить лечение по ним в рамках ГОВМП. Таким образом, ранняя диагностика становится более доступной, вне зависимости от статуса застрахованности.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования»

ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жеке клиникаларда МӘМС бойынша медициналық қызметтерді алу мүмкіндігін түсіндірді. Бұл мүмкіндік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін әзірлеу кезінде бастапқыдан қарастырылған және бүгінгі күнге дейін қолданыста, – дейді Қордың баспасөз қызметі.

Ол қалай жұмыс істейді? Қызмет көрсететін емхана өз пациентіне МӘМС жүйесінде жұмыс істейтін кез келген клиникаға жолдама бере алады. Бұл жағдайда пациент медициналық қызмет үшін ақы төлемейді. Себебі көрсетілген қызметті қаржыландыру Қор тарапынан қосалқы орындау шарты аясында жүргізіледі.

Қай кезде қолданылуы мүмкін? Егер қызмет көрсететін емханада белгілі бір консультацияны алуға қажетті профильді дәрігер болмаса немесе белгілі бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық жетіспесе пациентті басқа клиникаға жібереді. Мысалы, бірқатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында тіркелген халық саны аз болғандықтан, кейбір тар бейінді дәрігерлер (мысалы, пульмонолог, аллерголог, ангиохирург) болмауы мүмкін немесе УДЗ, рентген аппараттары жоқ. Осындай қызметтер пациенттерге қажет болған жағдайда, оларды емхана қосалқы орындау туралы келісімшарт жасасқан клиникаға жібереді.Сонымен қатар, емханада қажетті мамандар мен жабдық болғанымен, жазылу бір айға толып қалған жағдайлар да кездеседі. Сондай-ақ қажет маман еңбек демалысында болса немесе жабдық уақытша істен шықса осы механизм қолданылады. Мұндай жағдайда пациент қажетті медициналық қызметті алу үшін басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға жолдама сұрауға құқылы.Маңызды! Жолдама тек Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілер базасында тіркелген жеке клиникаларға ғана беріледі.Бұл ретте пациенттің емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес. Себебі жолдама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде қалыптастырылады.

Жеке клиникада пациенттер тек консультация алып немесе диагностикалық процедуралардан өтіп қана қоймай, күндізгі немесе тәуліктік стационар жағдайында, оның ішінде МӘМС шеңберіне кіретін әртүрлі операцияларды жасау үшін де ем қабылдай алады.Құқықтарды қорғауЕгер пациент қажетті медициналық қызметке жолдама ала алмаса, ол емхана жанындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Оң шешім болмаған жағдайда, бұл факті бойынша тексеру жүргізу үшін Қорға ресми өтініш жолдауға болады.Қор атап өткендей, кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті пациентке емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын зерттеп, шағымдары мен байқалатын белгілерін бағалайды. Тек тиісті көрсетілімдер болған кезде ғана зертханалық және аспаптық зерттеулерге немесе профильді маманның консультациясына жолдама береді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС бойынша қызмет алу үшін сақтандырылған болу қажет.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

Бүгінде үйлердегі газдандыру ешкімді таң қалдыруы екіталай. Бірақ әдет жаман қызмет етуі мүмкін.

«Үй» газы екі түрлі болуы мүмкін: МЕТАН (сіздің плитаңызға магистральдық құбыр арқылы өтетін) және ПРОПАН/БУТАН (ол қызыл және сары баллондарда әкелінеді). Қарапайым адам бұл газдарды ажыратпайтын нәрсе емес, ол оларды тіпті ашпайды — олар иіссіз. Алайда, олардың ағып кетуін анықтау үшін газға жағымсыз иісі бар зат қосылады. Ол газбен байланысты.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ: -Метан ауадан жеңіл және жоғары қарай ұмтылады.

ГАЗ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ



-Баллон газы ауыр — ол төменде жиналады, егер

жарықтар болса, еден астына енеді. Егер баллоннан ағып кету пайда болса, мысалы, жертелелер мен жер асты сулары жиі болатын тұрғын үйде — ағып кетсін және аз болсын, газдың жиналуы мүмкін және бір сәтте коммутатордан бір кішкентай ұшқын апат үшін

жеткілікті болады. Егер сіздің жертөлеңізде электр қуаты болмаса, сіз жай ғана газбен дем ала аласыз.

Статистика мәлімдегендей, газбен болған барлық оқиғалардың басты себебі- белгіленген қауіпсіздік нормаларына немқұрайлылық пен немқұрайлылық. Жауапты иесімен қабаттасу үшін есіңізде болсын:

1.Газ аспаптарын жағу алдында және жану кезінде желдеткішті

немесе терезені ашып немесе мәжбүрлі желдету жүйесін қосып, бөлмені желдетіңіз.

2.Тұтану алдында түтін арналарындағы тартылыстарды тексеріңіз, оны жану кезінде мезгіл-мезгіл жасаңыз.

3.Бірақ, газ құралдарын қараусыз қалдырмаңыз.

4.Жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз!

5.Газ жабдығын қ ұ р а с т ы р м а ң ы з , тасымалдамаңыз және жөндемеңіз! Бұл өте қауіпті және жарылысқа әкелуі мүмкін.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕККЕ АДАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

ҚАЙТАЛАНБАС ДАРА ТҰЛҒА



Адам баласы туған жерін сүйіп, сол мекеннің тарихын қастерлеп, ел үшін еңбекетіп, ерлік көрсеткен азаматтарын ұмытпай, оларды құрметтеп жүрсе – бұл ұрпақтың рухани биіктігінің белгісі. Әсіресе, ел басына күн туған шақта Отанын қорғап, кейін бейбіт өмір орнағанда оның дамуына үлес қосқан тұлғалар туралы естеліктерді сақтау – бүгінгі және келер ұрпақ үшін аса маңызды міндет. Өйткені ондай өнегелі өмір жолдары жас буынды жігерлендіріп, елге адал қызмет етуге тәрбиелейді.

Қазақ халқы Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығын бастан кешірді. Қаншама қазақтың

перзенті туған жерін қорғау жолында ұрыс даласына аттанды. Олар Отан үшін жанын қиып, елдің ертеңі үшін күресті. Сол мыңдаған ерлердің арасынан жат топырақта жауға қарсы шайқасқан ержүрек азаматтардың қатарында – Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері Таженов Әбеке бар.

Таженов Әбеке 1907 жылы дүниеге келді. Қазіргі Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Матай Байысов ауылында еңбекке ерте араласып, маңдай терімен елге қызмет еткен. 1942 жылы Талдықорған РВК жолдамасы бойынша майданға аттанды. Елден жырақтап, бір ғана мақсатты жүрегіне түйді – Отанын қорғау, туған жерді аман сақтау.

Соғыс жылдары ол 75-гвардиялық Қызыл Ту орденді, Александр Невский орденді полк құрамында болды. Әбеке Таженовтің ерлігі үшін алған марапаттары – оның жауынгерлік жолының айқын дәлелі. Гвардия қатарындағы жауынгер:

«Прага, Варшава бекіністерін және Висла өзенінің маңызды стратегиялық тұстарын алу жолындағы ерлігі үшін»

КСРО Жоғарғы Бас Қолбасшысы, маршал И. В. Сталиннің бұйрығымен марапатталған.

Бұл марапат – жай ғана қағаз емес, майдан даласындағы жанкешті ерліктің, қиын кезеңдегі табандылықтың белгісі. Әбекенің қатысқан әрбір шайқасы – азаттық жолындағы күрестің бір парағы. Ол сұрапыл соғыста талай рет өлім мен өмірдің арасынан өтті, бірақ қай кезде де елін қорғау борышын абыроймен орындады.

Бейбіт күннің еңбегі – елге қызмет

Соғыс жеңіспен аяқталған соң Әбеке туған жеріне оралып, ауылдың шаруашылығын, тұрмысын жақсартуға белсене араласты. Ол еңбекқорлығымен, адалдығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен елдің құрметіне бөленді. Әкеміздің ауылшаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі зор болды. Еңбегі бағаланып:

«За доблестный труд» медалімен,

-басқа да марапаттармен

ұлы іске атсалысқаны үшін бірнеше мәрте құрметке ие болды.

Ел үшін, жер үшін жасалған бұл еңбектің қадірі – ұрпаққа үлгі, кейінгіге аманат.

Азиза ана – отбасының алтын діңгегі

Ер адамның мерейін үстем еткен – оның қасында бірге өмір сүріп, қолдап отырған жары. Бұл орайда Азиза анамыздың (ел аузында «Астай» аталып кеткен) абзал бейнесін аттап өту мүмкін емес. Байсалды, байыпты, ақыл-парасатқа толы, жанашыр ана үйдің берекесін кіргізіп, үлкен шаңырақтың алтын тірегіне айналды.

Отарғасының соғыстан кейінгі еңбегіне моральдық әрі тұрмыстық қолдау көрсетіп, отбасының тыныштығын, бірлігін сақтап отырған да – осы аяулы жан. Анамыз жайлы айтпай кету – үлкен қателік болар еді.

Ол он бір перзенттің анасы атанып, елге қызмет еткен ұрпақ тәрбиеледі. 1962 жылы:

-«Мать-героиня» алтын орденімен марапатталуы – ана еңбегінің, төзімінің, парасатының биіктігін көрсетеді.



Бүгінде сол ұрпақтар – ұлдары, қыздары, немерелері, шөберелері – елдің әр саласында еңбек етіп, қоғам дамуына өз үлесін қосып келеді. Бұл – ата-ананың тәлім-тәрбиесінің жемісі.

Ұрпақ құрметі – ең үлкен марапат

Әке мен ананың елге сіңірген еңбегі, Отан алдындағы адалдығы – бүгінгі ұрпаққа аманат. Таженов Әбеке мен Азиза анамыздың өмір жолы – ұл-қыздары үшін ғана емес, бүкіл ел үшін өнеге.

Олардың ұрпақтары:

-әке-аналарын еске алып,

-құран бағыштап,

-рухына дұға арнап,

-өмірлік өнегесін үлгі етіп,

перзенттік парызын өтеп келеді.

Бұл – ата-баба алдындағы ең үлкен құрметтің көрінісі.

Таженов Әбеке мен Азиза ананың ғұмыры – ерлік пен еңбектің, адалдық пен парасаттың көрінісі. Әбеке соғыста Отанын қорғап, елге аман оралып еңбек етсе, Азиза ана үлкен әулетті тәрбиелеп, туған еліне саналы ұрпақ қалдырды.

Мұндай жандардың өмірі – тарихтың бір парағы ғана емес, бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге. Туған жеріне адал еңбек етіп, елін қорғаған азаматтар қашанда құрметке лайық.

Ерлікке толы ғұмыр, еңбекпен өткен өмір – ұмытылмайды. Олардың өнегесі кейінгі буынды елге қызмет етуге, адалдық пен бірлікке үндейді.

Қазақ әдебиетінің кең өрісінде өзіндік қолтаңбасымен, қайталанбас суреткерлік болмысымен танылған тұлғалардың бірі – Төкен Әлімқұлов. Ол 1918 жылдың 2 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келді. Еңбек жолын Ащысай кеніндегі жұмысшы жастарының кешкі мектебінен білім алумен қатар, Шымкент қорғасын зауытында шыңдаған Төкен алғашқы журналистік қадамын екі тілде хабар жазудан бастайды. Кейін «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы ретінде көзге түсіп, астанадағы «Лениншіл жас» редакциясына қызмет ауысады.

1949 жылы М.Горький атындағы Мәскеу әдебиет институтына оқуға түсуі оның шығармашылық әлеміне жаңа тыныс әкелді. Әдебиетке поэзиямен келген ол сын жанрында да белсенді еңбек етіп, салиқалы сыншы ретінде танылды. Төкен Әлімқұлов көркем аударма саласына да елеулі үлес қосты: П.Павленконың «Бақыт», В.Поповтың «Құрыш пен қоқыс», Г.Николаеваның «Орақ үстінде» шығармаларын, сондай-ақ Горькийдің памфлеттерін қазақ тіліне тәржімалады. Нұзми, Пушкин, Лермонтов, Маяковский шығармаларын аударудағы шеберлігі оның тілдік талғамының биіктігін көрсетеді.

Қаламгердің әдеби мұрасы поэзия, проза, сын және зерттеу жанрларын түгел қамтиды. «Сапар», «Жазғы жаңбырлар», «Бозжорға» атты жыр жинақтары; «Ақбоз ат», «Сейтек сарыны», «Керттолғау», «Күрең өзен», «Сырлы наз», «Көкек айы» секілді прозалық туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алды. Сонымен қатар «Жемісті жолда», «Абай», «Жұмбақ жан» сияқты сын еңбектері мен зерттеулері – ұлттық әдебиеттануға қосылған қомақты үлес.

Т.Әлімқұлов – қазақ әдебиетінде өнер адамдарының болмысын көркем бейнелеуде ерекше із қалдырған қаламгер. Ол Тәттімбет, Махамбет, Ақан сері, Сүгір, Сейтек, Ықылас, Төлеген секілді тарихи тұлғалардың өнерін, мінез-болмысын жан-жақты ашып көрсетті. Күй өнерінің табиғатын әдеби тілмен дәл жеткізу, оқырманға күй сазының рухын сезіндіру – Төкен шеберлігінің бір қыры. Оның еңгімелері өмірлік деректерге, тарихи тұлғалардың нақты болмысына сүйенгендіктен, шыншылдығымен бағалы.

Төкеннің сыншылық жолы Мәскеудегі әдеби ортада қалыптасты. Ол КСРО Жазушылар одағы аппаратында жұмыс істей жүріп, екі тілде жазған мақалаларын екі жинақ етіп шығарды. «Қ.Аманжолов», «Жұмбақ жан» зерттеулері арқылы оның әдеби-эстетикалық пайымы айқындалды. Әсіресе «Жұмбақ жан» еңбегі абайтанудағы құнды зерттеулердің қатарын толықтырды.

Төкен Әлімқұловтың шығармашылығы – қазақ даласының рухы мен өнердің киесін терең түсінген, әр кейіпкерінің жанын дәл сомдаған дара суреткердің мұрасы. Оның көркемдік әлемі әдебиетіміздің бай қазынасын толықтыра берері анық.

Мұратбек Диана

Ешкіөлмес ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ТӨЛЕУБАЕВ ӘБДЕШ ТАШКЕНҰЛЫНЫҢ

ОЙЖАЙЛАУ ШАТҚАЛЫНДАҒЫ

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ



Қазақстанның белгілі археологы, профессор Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы Жетісу өңіріндегі тарихи мұраны зерттеуге ерекше үлес қосып келеді. Ғалым жетекшілік еткен археологиялық экспедиция соңғы жылдары Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ойжайлау шатқалында кешенді қазба жұмыстарын жүргізді.

Зерттеу нәтижесінде шатқал аумағынан бірнеше көне қоныс анықталып, тұрмыстық заттар, қару-жарақ, діни-ғұрыптық бұйымдар табылды. Жәдігерлердің мерзімі б.з.д. VIII ғасырдан басталып, кейінгі дәуірлерге жалғасатыны белгілі болды. Бұл деректер өңірдің ежелгі тұрғындарының шаруашылығы, қолөнері, мәдени дәстүрі туралы жаңа ғылыми мәліметтер береді. Экспедицияның сапалы өтуіне Бауыржан Кенесбекұлы Оспанов тарапынан көрсетілген демеушілік зор ықпал етті. Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстың жүйелі жүргізілуіне мүмкіндік берді.

2021 жылы Алакөл ауданы, Асусай қалашығында жүргізілген қазба барысында табылған қыш ыдыстардың сынықтары Төлеубаев Әбдеш Ташкенұлы тарапынан Лепсі тарихи музейіне сыйға тартылды. Бүгінде бұл жәдігерлер музейдің археология залында орын алып, өңірдің материалдық мәдениетін танытатын құнды экспонаттарға айналды. Ғалымның атқарған еңбегі Жетісу аймағының көне тарихын терең түсінуге жол ашып, археологиялық зерттеулердің ғылыми маңызын арттыра түсті.

Күлімхан Диана

Лепсі тарихи музейің тарихшысы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫ БИІК ТАРИХИ ТАҢДАУ



Қазақстанның тәуелсіздік алған күні – халқымыздың сан ғасырлық арман-мақсаты орындалған ұлы белес. 1991 жылдың 16 желтоқсаны тек мемлекеттің жаңа саяси мәртебесін айқындап қана қойған жоқ, ел тағдырын өзгертетін тарихи бетбұрыстың бастауы болды. Бұл күн – өткеннің өнегесін, бүгіннің берекесін, ертеңнің сенімін айшықтайтын тағдырлы кезең.

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың азаттық жолында төккен қаны мен жанкешті еңбегінің жемісі. Ұлт болып ұйысу, ел болып еңсе тіктеу оңай болған жоқ. Кеңестік жүйенің қылышынан қан тамған кезеңдер, қуғын-сүргін, ашаршылық, тоталитарлық қысым – мұның барлығы азаттығымыздың бағасын арттыра түсті. Сол бір ауыр кезеңдерді бастан өткерген халқымыздың жүрегінде бостандыққа деген мәңгілік ұмтылыс сәулесі сөнген жоқ.

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан өзінің жаңа даму жолын тапты. Конституциясы қабылданып, мемлекеттік рәміздері айқындалды, дүниежүзі мойындаған дипломатиялық қарым-қатынас орнатылды. Экономикасы өсіп, жаңа өндірістер мен инфрақұрылымдар бой көтерді. Білім, ғылым, мәдениет, спорт салаларында әлемдік деңгейде жауапкершілік. Береке-бірлік, ынтымақ пен еңбекқорлық қана елдің іргесін бекітіп, болашағын жарқын етеді.

Тәуелсіздік күні – өткенге тағзым, бүгінге тағылым, келешекке сенім ұялататын қасиетті мереке. Осы маңызды күн әрбір жүрекке қуаныш сыйлап, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыра берсін! Тәуелсіздік – ұлттың ұлы құндылығы. Осы құндылықты сақтайтын парасатты да бірлікшіл ұрпақ көп болсын!

Ж. Шындаулет
Аудандық кітапхананың библиографы

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ



3 желтоқсан күні «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының Саяси Кеңес Бюросы, Ескелді аудандық мәслихатындағы партияның депутаттық фракциясы және партиялық бақылау комиссиясы бірлескен отырыс өткізді. Жиын барысында күн тәртібіне бірқатар маңызды мәселелер енгізілді. Атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, ауылдық инфрақұрылымды дамыту және елді мекендердегі өзекті проблемаларды шешу бағытындағы жұмыстар қаралды. Сонымен қатар аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан партиялық жобалардың тиімділігі мен алдағы міндеттері талқыланды.

Партиялық бақылау комиссиясы өткен кезеңде атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, бақылау шараларының нәтижелерін таныстырды. Комиссия өкілдерінің айтуынша, бірқатар әлеуметтік нысандарда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзіміне қатысты мониторинг жалғасып келеді.

Ал депутаттық фракция мүшелері өз сайлау округтеріндегі жағдаймен бөлісіп, тұрғындар көтерген мәселелерді ортаға салды.

Отырыстың қорытындысында партиялық құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, жергілікті атқарушы органдармен тығыз жұмыс істеу және халықпен кері байланысты нығайту қажеттігі атап өтілді.

БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Қазақстан – тарихи дәуірлер тоғысқан, түрлі этностар мен өркениеттердің мәдени құндылықтары тоғысқан кең байтақ ел. Бүгінгі таңда ұлтымыздың рухани негізін қалыптастыратын екі маңызды ұғым – дін мен мәдениет – қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейліктің негізгі тірегіне айналып отыр. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы ислам құндылықтарымен сабақтаса отырып, қазіргі заманда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Дін мен мәдениеттің тарихи сабақтастығы Қазақ даласына ислам діні VIII–IX ғасырларда келе бастады. Уақыт өте келе дін қазақтың мәдениетіне сіңіп, тұрмыс-салт жоралғыларымен табиғи үйлесім тапты. Мысалы:

- жеті ата, құда түсі, ас беру, тұсаукесер, бесікке салу секілді дәстүрлер исламдағы адамгершілік, туыстықты нығайту қағидаларымен үндесіп келеді;
- Ханафи мазһабы мен Матуриди ақидасының қалыптасуы – қазақ халқының дүниетанымына сәйкес келетін ымырашылдық пен парасаттылық жолының орнығуына ықпал етті.

Бұл құбылыс ғасырлар бойы дін мен дәстүрдің бір-бірін толықтырып, үйлесімді өмір сүруіне жағдай туғызды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі рухани жаңғыру 1991 жылдан кейін Қазақстанда діни сенім бостандығы заңмен бекітіліп, халықтың рухани қажеттілігін өтеу үшін көптеген мешіттер, медреселер мен діни оқу орындары ашылды. Сол кезеңнен бастап мемлекет:

- діни бірлестіктердің қызметін заңмен реттеу,
- діни радикализмнің алдын алу,
- дәстүрлі ислам құндылықтарын қолдау,
- мәдени және гуманистік бағыттағы жобаларды жандандыру

арқылы рухани тұрақтылықты нығайтып келеді.

Мәдениетті жаңғыртуда «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары маңызды рөл атқарды. Бұл бағдарламалар тарихи жәдігерлерді зерттеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы қоғамда рухани иммунитет қалыптастыра түсті.

Біртұтастықтың қазіргі көріністері Бүгінгі Қазақстанда дін мен мәдениеттің тұтастығы бірнеше бағытта айқын көрінеді:

1. Дәстүрлі ислам құндылықтарының ұлттық тәрбиемен үндестігі

Ынсап, иман, сабыр, үлкенді құрметтеу, бауырмалдық секілді қасиеттер – әрі діннің, әрі қазақ мәдениетінің өзегі.

2. Мемлекеттің зайырлы қағидасын сақтау

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл ұстаным діннің саясаттан алшақ болуын қамтамасыз етіп, барлық конфессиялардың теңдігін көздейді. Зайырлылық – дінсіздік емес, керісінше діндердің бітімгерлік негізде қатар өмір сүруіне жағдай жасайтын құқықтық жүйе.

3. Радикалды ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру

Қоғамда дәстүрлі исламды күшейту – жат ағымдардың алдын алудың ең тиімді жолы. Қазақ дүниетанымына сай келмейтін радикалды идеологиялар діни мәдениеттің табиғи эволюциясына қайшы келеді.

4. Мәдени шараларда діни элементтердің сақталуы

Наурыз мерекесін тойлау, ұлттық ойындар, отбасылық салт-дәстүрлер, айтыс, жыраулық өнер – осының бәрі рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі.

БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ҚАЛҒАН ӨЛМЕС МҰРА

Уақыт озған сайын Бақтыбай Жолбарысұлының шығармалары құнын жоймақ түгілі, қайта арта түсуде. Өйткені оның жырларында – рух бар, елдік бар, ар бар. Қазақ әдебиетінің зерттеушілері Бақтыбай мұрасын халқымыздың мәдени-рухани дамуының бір белесі деп бағалайды.

Ақынның өлеңдері бүгінде мектеп, колледж, университет оқулықтарында кездеседі. Айтыс зерттеушілері оның мұрасын қазақ суырыпсалма дәстүрінің алтын тамырына балайды. Өнер зерттеушілері үшін – ол поэтикалық тілдің көркем үлгісі, оқырман үшін – рухани тәрбие тағаны.

Ел есінде мәңгі жасайтын тұлға. Өмір – өзен, уақыт – толқын десек, сол толқында кейбір есімдер қалқып жүреді, кейбірі жағалауға жетпей алмай ізсіз кетеді. Ал Бақтыбай Жолбарысұлы – мәңгілікке өз атын қашап кеткен тұлғалардың бірі. Оның мұрасы – өткеннің сарқыншағы емес, бүгіннің шамшырағы, болашақтың темірқазығы.

Қай кезде де ұлтқа рух сыйлайтын тұлғалар қажет. Бақтыбай – сондай тұлға. Қазақтың ғасырлар бойғы рухани дамуын көз алдымызға елестетсек, соның ішінде Бақтыбай Жолбарысұлының орны айрықша екенін түсінеміз. Ол – айтыстың айбынды тұлғасы, жырдың жарқын жұлдызы, елдік ойдың жаршысы.

Бүгінгі ұрпақ бірлік, ерлік, адамгершілік туралы сөз қозғағанда оның жырларынан тағылым алатыны сөзсіз.

Бақтыбай – өмірден өтсе де, өрнекті сөзімен өшпеген ақын. Оның дауысы – даланың дауысымен бірге әлі талай ғасыр жасай бермек.

Ж.Кунузбаева,
Елтай ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ БОКС ЖАРЫСЫ



2025 жылдың 6 желтоқсан күні Қарабұлақ ауылында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған жасөспірімдер арасындағы бокс жарысы ұйымдастырылды. Жарысқа ауыл жасөспірімдері белсене қатысып, өзара шеберлік пен қайсарлық танытты.

Жарыс барысында қатысушылар жоғары дайындық деңгейін, тактикалық ойы мен жылдамдығын көрсете білді. Әр боксшы жеңіске жету жолында жігер мен намыс танытып, көрермендерге қызықты кездесулер ұсынды.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік шыққан спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубок, медаль және грамоталармен марапатталды.

Мұндай іс-шаралар жас буын өкілдерінің спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға және ауылымызда боксты дамытуға оң әсерін тигізуде.

Г.ОМАРОВА,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізудирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ – ЭТО БОРЬБА ЗА БУДУЩЕЕ НАШЕЙ СТРАНЫ



Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам дальнейшего усиления борьбы с коррупцией» направлен на:

- Усиление ответственности должностных лиц за совершение коррупционных преступлений и правонарушений путем увеличения штрафных санкций и введения конфискации имущества;
- Возложение на руководителей государственных органов, государственных организаций и организаций с долей государственного участия непосредственную обязанность по противодействию коррупции с установлением за это персональной ответственности;
- Установление мер по стимулированию антикоррупционного поведения граждан, включающие механизмы поощрения деятельности граждан, направленные на оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ӨТУДЕ

Ескелді ауданының аумағында 15 тамыздан бастап өрт қауіпсіздігі айлығы басталды. Өрт қауіпсіздігі айлығының негізгі мақсаты-қатты отынмен жылытылатын жеке тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Аулаларды аралау барысында пештер мен түтін мұржаларын орнатуға басты назар аударылады, пештер мен түтін мұржаларының құрылғысы бұзылған жағдайда иелеріне оларды жою бойынша ұсыныстар беріледі.

Алайда, көптеген азаматтар ережелерді сақтамауға немқұрайлы қарайды. Көбінесе пештерді төсеу «кездейсоқ адамдарға» сенеді, жылдар бойы пештер жөнделмейді, мұржалар тазаланбайды. Жыл сайын жылыту кезеңінде Ескелді ауданында 20-ға дейін өрт орын алады. Бірінші кезекте аулаларды аралау халықтың әлеуметтік осал топтары тұратын жерлерде атаулы түрде жүргізіледі. Мәселен, бүгінгі таңда аудан бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының 120 тұрғын үйінде профилактикалық жұмыс жүргізілді, 165-ке жуық азаматқа нұсқау берілді.

Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерінен басқа, тұрғын үй секторында айлықты өткізуге қатысу үшін аудандық полиция бөлімдерінің қызметкерлері, газ шаруашылықтарының қызметкерлері, ПИК және БАҚ өкілдері, үкіметтік емес волонтерлік ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың мүшелері тартылды.

Ескелді ауданы ТЖБ тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды сұрайды:

- жылыту маусымы басталар алдында пеш пен түтін мұржаларының жарамдылығын тексеру қажет;
- пешті тексеру жүйелі болуы керек;
- пештен қауіпсіз қашықтықта отын мен басқа да жанғыш материалдарды жинау қажет;
- кешке пешті ұйқыдан 2 сағат бұрын тоқтату керек;
- мұржалар мен пештерді күйеден тазарту бастамас бұрын, сондай-ақ жылыту маусымы кезінде кемінде үш айда бір рет қажет.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ТОП ВОПРОСОВ БЕРЕМЕННЫХ ПО ОСМС

Беременность требует особого внимания к здоровью. При этом у многих будущих мам возникают вопросы: нужно ли платить взносы, как им получить и сохранить статус в ОСМС, какие медицинские услуги доступны бесплатно.

Разобраться в этом поможет официальный представитель Фонда социального медицинского страхования Забира Оразалиева.

Я беременна и официально работаю. Нужно ли платить взносы?

Если вы официально трудоустроены, взносы и отчисления в ОСМС производит работодатель. Ежемесячно от вашей заработной платы удерживается 2% в качестве взносов, а из средств работодателя перечисляются отчисления в размере 3%. До выхода в отпуск по беременности все эти обязательства сохраняются за вашим работодателем.

Я беременна, нигде не работаю, ИП нет. Как мне получить страховку?

Неработающие беременные женщины относятся к льготной категории граждан, за которых взносы в ОСМС оплачивает государство. Для этого необходимо встать на учет по беременности в поликлинике по месту прикрепления. После передачи данных в систему женщине присваивается статус «застрахована». То есть самостоятельно оплачивать взносы не нужно.

Я беременна и зарегистрирована как ИП. Доходов нет, сдаю отчет «по нулям». Вхожу ли я в льготную категорию?

Льготная категория звучит как «неработающая беременная женщина», то есть это женщины, состоящие на учете по беременности, официально не трудоустроенные и не зарегистрированные как ИП. Если вы являетесь индивидуальным предпринимателем и деятельность не приостановлена официально, необходимо оплачивать взносы на ОСМС в качестве ИП (5 950 тенге в 2025 году).

Даже если вы сдаете «нулевую» декларацию, ИП считается действующим. Чтобы войти в льготную категорию, нужно закрыть или официально приостановить деятельность ИП.

Почему я утратила льготный статус по беременности, хотя не работаю официально?

Льготный статус может быть снят, если в системе начинают отражаться обязательные пенсионные взносы и социальные отчисления, которые по сути являются платежами от полученного дохода. То есть женщина перестала соответствовать критериям «неработающей».

Возможно, вы зарегистрировались как ИП (такая практика наблюдается среди беременных) и стали производить отчисления. Чтобы восстановить льготный статус, необходимо официально приостановить его деятельность.

Нужна ли беременной страховка в ОСМС?

Да. Все беременные должны быть застрахованы в системе ОСМС, так как большая часть медицинской помощи при беременности и родах предоставляется в рамках ОСМС. Работающие женщины застрахованы за счет отчислений и взносов работодателя, индивидуальные предприниматели – за счет собственных взносов, неработающие – за счет государства.

Где и когда нужно встать на учет по беременности?

Женщину ставят на учет по беременности в той поликлинике, к которой относится ее адрес проживания. Если беременная ранее обслуживалась в другой организации ПМСП, необходимо будет прикрепиться согласно территориальному признаку.

Встать на медицинский учет нужно до 12 недель беременности.

Кто может поставить беременную на учет?

Для постановки на учет женщина обращается к акушеру-гинекологу в поликлинике прикрепления. Прием проводится в рамках ОСМС и требует наличия статуса застрахованной.

Если же пациентка не застрахована, возможно обращение к врачу общей практики или акушерке, чей прием проводится в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи.

После постановки на учет и при отсутствии доходов беременная будет затем застрахована по льготной категории. Какие медицинские услуги доступны беременной в поликлинике?

Беременная становится на учет, за ней ведется наблюдение. Согласно срокам беременности проводятся лабораторные анализы, ультразвуковые исследования в рамках трехэтапного пренатального скрининга, консультации профильных врачей при наличии показаний для этого. Может понадобиться направление в дневной или круглосуточный стационар по необходимости.

Все услуги предоставляются в рамках ГОБМП и ОСМС.

«Хочу отметить, что материнство и детство находятся под особым контролем в системе здравоохранения. Поэтому важно вовремя встать на учет и не пропускать все обследования, которые проводятся в каждом триместре. Это позволит предотвратить возможные осложнения и обезопасить здоровье мамы и малыша», – резюмировала представитель ФСМС.

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального
медицинского страхования»

ГАЗБАЛЛОН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

Елімізде соңғы жылдары газ баллон жабдықтарымен жұмыс істейтін автокөліктердің саны едәуір өсті. Осыған орай, адам өлімі мен материалдық залалға әкеп соқтыратын түрлі төтенше жағдайлардың туындау қаупі бірнеше есе артты.

Сауда үй-жайларының паркингтерінде және жабық автотұрақтарда (тұрғын және қоғамдық ғимараттарға салынған және жапсарлас салынған) газ баллон жабдықтарымен жабдықталған автомобильдердің өртенуі аса қауіпті. Бұл ретте, мұндай өрттердің негізгі себептері «қолөнер тәсілімен» газ баллонды жабдықты орнату, технологиялық процесті бұза отырып, біліктілігі жоқ мамандардың жұмыстарды жүргізуі, сондай-ақ тиісті қызмет көрсетудің болмауы болып табылады. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес өзге мақсаттағы кіріктірілген және оларға жапсарлас салынған ғимараттарда, сондай-ақ жер деңгейінен төмен орналасқан автотұрақтар мен жабық үлгідегі үй-жайлар мен паркингтерде газ баллонды жабдықпен жарактандырылған автомобильдердің тұрағына жол берілмейді. Осыған байланысты бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бүгіннен бастап газ баллон жабдықтарымен жарактандырылған көлік құралдарын пайдалану және тұрақ саласындағы заңнама нормаларының сақталуына 05 желтоқсанға дейін Төтенше жағдайлар министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп «ГАЗБАЛЛОН» профилактикалық іс-шарасын өткізеді. Мүдделі мемлекеттік органдарды, ұйымдарды (жергілікті атқарушы органдарды, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталарын, еріктілерді) тарта отырып жұртшылық газ баллон жабдықтарымен жарактандырылған көлік құралдарын пайдалану және тұрақ жөніндегі заңнама талаптарының сақталуын тексеретін болады. Газ баллон жабдықтарымен жарактандырылған көлік құралдарының тұрақтарын пайдалану саласында бұзушылықтардың анықталған барлық фактілері туралы «101» және «112» диспетчерлік қызметінің пультаіне хабарлау қажет

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

БОКСТАН «ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ БІРІНШІЛІГІ



2025 жылдың 06 желтоқсан күні Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында бокстан 2012-2013, 2014-2015 ж.т. жасөспірімдер арасында 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған Ескелді ауданының біріншілігі өтті. Аталған жарысқа 100 спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Қаратал ауылы 3 орын, Ақын Сара ауылы 2 орын, Қарабұлақ ауылы

1 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР: БЕЙІСБЕКОВ СЕРІК, КҮМІСБАЕВ ТАЛҒАТ, КЕРІКБАЕВ ДАРХАН, ҚҰМАРБЕКОВ ЕРКЕБҰЛАН, ҚАНАТБАЙ ЕРНАР, ҚҰМАРБЕКОВ НҰРЖАН. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы

«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Басшысы

ҚҰЛАУ МҮМКІНДІГІН АЗАЙТУ ҮШІН КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ҚАЖЕТ

1. Биік өкшелі тұфлиден бас тартып, микрокеукеті табаны бар тайғақ емес аяқ киімді алыңыз.
2. Аяғыңыздың астына қараңыз, қауіпті жерлерді айналып өтуге тырысыңыз. Егер мұзды «шалшықты» айналып өту мүмкін болмаса, онда шағышы сияқты кішкене сырғанау қадамдарымен жүріңіз.
3. Жолдың жүріс бөлігінде өте мұқият болыңыз: асықпаңыз және жүгірмеңіз.
4. Көлбеу беті бар барлық жерлерді айналып өтуге тырысыңыз.
5. Сіз бүкіл табанға басуыңыз керек, аяқтарыңыз тізеңізде сәл босаңсуы керек.
6. Қолдар мүмкіндігінше бос болуы керек, ауыр сөмкелерді алып жүрмеуге тырысыңыз, қолдарыңызды қалтаңызда ұстамаңыз — бұл құлау ықтималдығын арттырады.
7. Егер Сіз тайып кетсеңіз, құлау биіктігін төмендету үшін еңкейіңіз. Құлау кезінде топтасуға тырысыңыз және домалап, жерге тигізетін соққыны жұмсартыңыз. Қолыңыздағы заттарды құтқаруға тырыспаңыз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

ПЕШТІҢ МҰРЖАСЫН ҚАДАҒАЛАҢЫЗ!

«Неліктен түтін мұржасы күйеге бітелген». Күйдің пайда болуы табиғи процесс, бірақ ластану дәрежесіне және оның жылдамдығына әсер ететін бірқатар факторлар бар:сапасыз отынды пайдалану.

Ылғал, ластанған отын күйе мөлшерін көбейтеді, қылқан жапырақты отыннан алынған күйе жабысқақ, коррозиялы және шайырлардың болуына байланысты оңай тазаланбайды;

қалдықтарды өртеу (иә, кейбіреулер отқа арналған пластик бөтелкелер мен сөмкелерді жағып үлгереді);

өту қиын учаскелерімен немесе жай құбырлы люменмен мұржаны қалау технологиясын бұзу; төменгі температураға төзімді, түтін мұржасы жасалатын төмен сапалы материал.

Түтін мұржасын ластамау үшін не істеу керек.

Ластанудың алдын алу үшін және түтін мұржаларын күту шеңберінде профилактикалық заттарды қолданған жөн - бұлар химиялық композициялар (өнеркәсіпте әртүрлі агенттер шығарады) және халықтық әдістер (тас тұзы, картоп қабығы, көктерек немесе қайың отыны).

Тазалау кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

Барлық әдістер қауіпсіздік техникасын міндетті түрде сақтауды талап етеді!

Механикалық тазарту үшін:

шатырдағы барлық жұмыстар тек сақтандырумен жүзеге асырылуы керек;

мұржаны жаман ауа-райында, жаңбыр жауған кезде, қатты жел, төбесі мұзбен жабылған кезде тазаламау керек - құлап кету қаупі жоғары;

Түтін мұржаларын уақытында тазалаңыз, ошақтағы түтін мен өрттің және жақындарыңыз бен өздеріңіздің көміртегі тотығымен улануының алдын аласыз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІНІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ: ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТУДЫ КЕҢЕЙТУ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне және ҚР Әлеуметтік кодексіне өзгерістер енгізілуіне байланысты жаңартылған арнаулы салық режимдері (АСР) енгізіледі: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР, оңайлатылған декларация негізінде АСР, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР (ШФҚ). Бұл режимдер өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың салық қана емес, сонымен қатар зейнетақы жарналарының міндетті түрлерін төлеуін де реттейді.

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, оның ішінде қызметін интернет-платформаларды пайдалана отырып жүзеге асыратындар үшін АСР

2026 жылдан бастап енгізілетін өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР жеке кәсіпкерлер (ЖК) болып табылмайтын және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке тұлғаларға (Қазақстан азаматтары, қандастар) арналған. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР ҚР Үкіметі бекітетін қызмет түрлерінің шектеулі тізбесіне қолданылады.

АСР қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың күнтізбелік айдағы кіріс лимиті тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 300 еселенген мөлшерінен (жылына 3 600 АЕК) аспауға тиіс.

Осы АСР-ды қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) алған табыстарынан өздері төлейді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР бойынша зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі:

-МЗЖ – табысының 1%,

-ЖМЗЖ – табысының 1%.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар осы АСР-ды арнайы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, төлем чектері және өзге көздерден алынған кірістер туралы басқа да мәліметтер негізінде қолданатын болады. Жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ орындардағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР өздері әзірлеген қарапайым нысанда жүргізіледі. Тек операциялардың күні, атауы, әрбір операция нәтижесінде алынған сомалар, әрбір күндегі, айдағы қорытынды соманы көрсету керек.

Қызметін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын және АСР қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардан МЗЖ мен ЖМЗЖ-ны интернет-платформа операторы ұстап, аударатын болады.

Қызметін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлейтін зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі де жоғарғыдай:

-МЗЖ – табысының 1%,

-ЖМЗЖ – табысының 1% (интернет-платформа операторының (агенттің) жеке қаражаты есебінен.

Өзін - өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР қолданудың салықтық кезеңі – күнтізбелік бір ай.

2. Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР

ҚР Салық кодексінің 723-бабының 2-тармағында көрсетілген салық төлеушілерді (басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлғаларды, коммерциялық емес ұйымдарды, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға қатысушыларды және т.б.) қоспағанда, ЖК және Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары оңайлатылған декларация негізіндегі АСР қолдануға құқылы.

Жеңілдетілген декларация негізіндегі АСР-ды тиісті шарттарға сәйкес келетін төмендегі тұлғалар қолдануға құқылы:

- күнтізбелік жылдағы шекті кірісі тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын АЕК - тің 600 000 еселенген мөлшерінен аспайды;

- жеңілдетілген декларация негізінде АСР қолдануға тыйым салынған қызмет түрлерінің ҚР Үкіметі айқындаған тізбесіне енгізілмеген қызметті жүзеге асыратын тұлғалар.

Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР үшін зейнетақы жарналарының мөлшерлемелері:

-МЗЖ – табыстың 10%

-ЖМЗЖ – 2026 жылы табыстың 3,5%, содан кейін жыл сайын өсіп, 2028 жылы 5%-ға дейін көтеріледі.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салық және есепті кезең жартыжылдық болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР

Қазақстан аумағында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтары берілген (қайталама жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері бар шаруа немесе фермер қожалықтары ШФҚ үшін АСР қолдануға құқылы.

Шаруа қожалығының қызметі АСР-ды қолдану шарттарына сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, шаруа қожалығы үшін таңдалған АСР-ды күнтізбелік жыл ішінде өзгертуге рұқсат жоқ.

ШФҚ үшін АСР зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі:

-МЗЖ – табыстың 10%

-ЖМЗЖ – 2026 жылы табыстың 3,5%, содан кейін жыл сайын өсіп, 2028 жылы 5% - ға дейін көтеріледі.

ШФҚ үшін АСР-ды қолданатын шаруа және фермер қожалықтары осы салықтық режим қолданылатын қызмет түрлерінен кіріс алған кезде тиісті салықтарды есептеуді, төлеуді және олар бойынша салық есептілігін тапсыруды мынадай салықтық режимдерде жүргізеді:

1) қолдану шарттарына сәйкес келсе, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-да;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп бойынша.

ШФҚ үшін АСР қолдану кезіндегі салықтық және есептік кезең – күнтізбелік жыл.

Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтары (ШФҚ) үшін АСР шеңберінде МЗЖ, ЖМЗЖ төлеу табыс алынған айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР, жеңілдетілген декларация негізіндегі АСР, ШФҚ үшін АСР енгізу мыналарға бағытталған:

-зейнетақы және әлеуметтік жүйемен қамтуды өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен шағын бизнесті белсенді тарту есебінен кеңейту;

-Қазақстанның миллиондаған азаматтары үшін бизнес жүргізуді жеңілдету;

-мобильді қосымшалар мен онлайн-платформалар арқылы салықтық әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру.

Бұл инновациялар зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға, жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге және «көлеңкеден» шығу үшін ынталандырулар жасауға мүмкіндік береді.

«ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ» В ЕНПФ: ОТВЕТЫ НА САМЫЕ АКТУАЛЬНЫЕ И ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫЕ ВОПРОСЫ

4 декабря 2025 года в рамках информационно-разъяснительной работы среди населения во всех филиалах ЕНПФ в онлайн-формате прошел День открытых дверей. В этот раз не было одной заданной темы – специалисты Фонда отвечали на все вопросы собравшихся.

Что будет, если не платить пенсионные взносы?

Где контролировать свой пенсионный счет?

Когда надо начинать планировать свою пенсию, чтобы жить безбедно после окончания трудовой деятельности?

На эти и другие темы шло бурное обсуждение в ходе прошедшего мероприятия. Специалисты Фонда рассказали участникам также о возможностях использования онлайн-инструментов и сервисов Фонда, предоставляемые для мониторинга своего пенсионного счета, о порядке обращения за выплатами для улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения (ЕПВ), о причинах изменения инвестиционного дохода и о расчетах выплат по графику лицам имеющие право на пенсионные выплаты. Помимо этого, ответственные работники региональных подразделений провели и персональные консультации по формированию пенсионного капитала.

Онлайн-встреча вызвала большой интерес и по отзывам участников была полезной и продуктивной.

Напоминаем, что двери ЕНПФ открыты для вкладчиков и получателей каждый рабочий день. Консультацию по вопросам пенсионной системы вкладчики всегда могут получить как в филиалах ЕНПФ, так и в режиме онлайн: на сайте enpf.kz, в мессенджерах и социальных сетях.

О том, как это сделать, также было рассказано на мероприятии.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

АТАМЫЗДАН БАТА

Аллаһым басымызды аман ет.

Асымызды адал ет.

Басымыз сәждеден кетпесің.

Дінімізге келер жасымыз.

Жағамызға қолы жетпесің.

Ортаң қосудан шіріктен аулақ ет.

Жамағатты бір атаның баласыңдай.

Бауырмал ет.

Дастарханымыздан береке кетпесің.

Ұстағанымыз ораза болсың.

Қаза қылмайтың намазымыз болсың.

Көңілімізден сән кетпесің.

Ұрпақ ұлыс аман боп.

Өмірлерінен мән кетпесің.

Тірімізге иман бер.

Өлімізге жұмақ бер.

Нұғманов Оразхан

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 12 АЙДА 20% ДЕРЛІК ҰЛҒАЙДЫ

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 25,84 трлн теңгеге жетті. 12 айда 4,27 трлн теңгеге немесе 19,8%-ға артты.

2025 жылдың 1 қарашасында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 24,46 трлн теңге. Бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 18,0% артық. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 727,11 млрд теңге, 12 айдағы өсім – 14,7%. Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім ерікті зейнетақы жарналарының (ЕЗЖ) еншісінде. Жарналардың бұл түрі 30,0% артып, көлемі 9,56 млрд теңгеге жетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 қарашасына 642,07 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды.

2025 жылдың 10 айында салымшылардың шоттарына 2,64 трлн теңге мөлшерінде зейнетақы жарналары түсті (өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 17,2%-ға немесе 385,86 млрд теңгеге артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 1 қарашасына дейін 2157,36 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 9,5%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 111,11 млрд теңге (өсім – 17,6%), ЕЗЖ – 1,96 млрд теңге түсті. 2025 жылдың 10 айында ЖМЗЖ 365,22 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2025 жылдың 10 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1 539,97 млрд теңгені құрады. Бұл бытыр жасалған төлемдер көлемінен 1,6 есе немесе 550,06 млрд теңгеге көп.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 12 айда 18,5% ұлғайып, 01.11.2025ж. 203,37 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 728 теңге.

Жыл басынан бері 01.11.2025ж. дейін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) де жүзеге асырылды – 919,55 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 54,14 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 36,57 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,60 млрд теңге, жерлеуге – 8,87 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 314,87 млрд теңге аударылды.

Жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны

2025 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,06 млн. бірлік (12 айдағы өсім – 1,13 млн бірлік немесе 6,7%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қарашасына 12,68 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,27 млн - МЗЖ бойынша, 756,18 мыңы - МКЗЖ бойынша, 462,23 мыңы – ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, бір жыл ішінде кемінде бір рет болса да жарна түскен ЖЗШ белсенді шот болып есептеледі. 2025 жылдың 10 айында МЗЖ 7,03 млн ЖЗШ-ға түсті, бұл жарналар енгізілуі тиіс 12,23 млн ЖЗШ-ның 57,5% құрайды. Бұған сондай-ақ 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін ашылған шоттар мен есепті кезең ішінде ашылған жаңа шоттар кіреді.

Бұл санға елден тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинағын алу туралы өтінішпен жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарына мұрагерлік ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2017 жылдан бастап толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыруға аударылған әскери қызметшілердің және шоттарына қазақстандық заңнамаға сәйкес жарналар түспеуі керек басқа да санаттағы салымшылардың (алушылардың) шоттары кірмейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес БЖЗҚ-ға аударылған ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 5,39 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемінің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ - ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН



Мемлекет көрсететін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі – азаматтардың өмір сапасын арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Қазақстан Республикасының цифрлық даму бағытына сәйкес, бүгінде мемлекеттік қызметтердің көпшілігі электронды форматқа көшіріліп, халық үшін қолжетімді бола түсті.

Азаматтар электрондық үкімет порталы (egov.kz), мобильді қосымшалар, Telegram-боттар және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы түрлі қызметтерді онлайн алып жатыр. Бұл – уақыт үнемдеумен қатар, мемлекеттік органдардағы қағазбастылықты азайтуға және ашықтықты қамтамасыз етуге ықпал етуде.

Қазіргі таңда әлеуметтік жәрдемақылар, балабақшаға кезекке тұру, зейнетақы тағайындау, жылжымайтын мүлікті тіркеу, мекен-жай анықтамасын алу, некені тіркеу сынды 700-ден астам қызмет түрі қолжетімді.

М.Серік

«Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

НАЛОГ НА ТРАНСПОРТНЫЕ СРЕДСТВА: ИЗМЕНЕНИЯ 2026 ГОДА



С 1 января 2026 года вступают в силу изменения, внесённые в Налоговый кодекс, касающиеся налога на транспортные средства.

Основные изменения:

- Поправочные коэффициенты для легковых автомобилей: Срок эксплуатации более 10 лет — коэффициент 0,7; Срок эксплуатации более 20 лет — коэффициент 0,5.
- Льготы для крестьянских и фермерских хозяйств: Освобождаются от уплаты налога по одному пикапу на хозяйство. Автомобиль должен иметь платформу для грузов и кабину водителя, отделённую жёсткой перегородкой.
- Уточнение категорий транспортных средств: Категории теперь определяются по правам управления (А, В, С, D), а не по типу кузова (пикап, джип, лимузин, фургон).
- Исключены ставки для некоторых автомобилей: Легковые автомобили с объёмом двигателя более 3000 см³, произведённые или ввезённые после 31 декабря 2013 года.
- Упрощение отчётности: Юридические лица и ИП больше не предоставляют расчёт текущих платежей по налогу на транспортные средства и земельному налогу.

Налогоплательщик сдаёт только годовую декларацию и оплачивает налог по итогам года.

Важная информация:

- Эти изменения направлены на: упрощение администрирования; снижение налоговой нагрузки на владельцев старых авто; поддержку фермерских хозяйств; повышение прозрачности расчётов.

С уважением,

Управление государственных доходов Ескельдинского района!

НАВАРЛАНДЫРУ

Хабарландыру

«ҚАЗСУШАР» ШЖҚ РМК Жетісу филиалы «Шаруашылық бөлімі Х2 (Теректі Бесбойдақ) нысанын реконструкциялау» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің қоғамдық тыңдауларының жария талқылау түрінде өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық-сметалық құжаттама НБД ҚОБ және ПР ақпараттық жүйесінде (hearings.ndbecology.gov.kz) 2025 жылғы 23 желтоқсаннан 29 желтоқсанға дейін орналастырылады. Ескертулер мен ұсыныстар жария талқылаудың соңғы күні — 2025 жылғы 29 желтоқсанда күні сағат 18:00-ге дейін қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «ҚАЗСУШАР» ШЖҚ РМК Жетісу филиалы, тел.: +7 (7282) 30-90-47, 30-90-92, e-mail: kazvodhoz_7su@mail.ru, мекенжайы: Талдықорған қаласы, Рақышев көшесі, 17.

Объявление

Филиал Жетісу РГП на ПХВ «КАЗВОДХОЗ» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» проекта «Реконструкция хозяйственного выдела Х2 (Теректы Бесбойдақ) Ескельдинского района области Жетісу».

Проектная документация будет размещена в информационной системе НБД СОС и ПР (hearings.ndbecology.gov.kz) с 23.12.2025 года по 29.12.2025 года. Замечания и предложения принимаются до 18:00 часов последнего дня публичных обсуждений — 29.12.2025 г.

Электронный адрес местного исполнительного органа: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. 8 (7282) 32-92-67, e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, адрес: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал Жетісу РГП на ПХВ «КАЗВОДХОЗ», тел. +7 (7282) 30-90-47, 30-90-92, e-mail: kazvodhoz_7su@mail.ru, адрес: г. Талдықорған, ул. Ракишева, 17.

BLAGODARNÖST

Выражаем искреннюю благодарность Ахметкалиеву Мади Мухаметканулы за высокий профессионализм, преданность и безупречное исполнение служебных обязанностей. Ваше внимание к деталям, оперативность и умение принимать решения в сложных ситуациях вызывают глубокое уважение и являются примером для коллег.

Желаем Вам крепкого здоровья, дальнейших успехов в службе, благополучия и процветания во всех сферах жизни. Примите искренние слова признательности за Вашу службу и значительный вклад в поддержание порядка и безопасности общества..

В.И.МАКШАНОВА

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өртте жақындарынан айырылған, бірнеше жыл бойы жинаған үй-жайлары мен мүлкін жоғалтқан адамдар өрт қауіпсіздігі - уақытты босқа өткізу емес екенін біледі. Жыл сайын әлемде өрттен қаза тапқандардың шамамен 70% -ы өртті абайсыз қолдану салдарынан өмірмен қоштасады. Темекі шегуден болған өртте жүздеген адам қайтыс болады. Кресло, диван, төсекте жатар кезде, әсіресе мас болған кезде темекі шегу қауіпті. Жанып жатқан сол темекі - оттың тура жолы.

Сірінке мен тұтандырғыш ойыншық емес! Оларды кезге көрінбейтін жерде сақтаңыз. Балаларыңызды отпен қолдануда сақ болуды үйретіңіз!

Пештерді, тостерді қараусыз қалдырмаңыз! Ақаулы электр құрылғыларын, зақымдалған электр сымдары бар, байланысы нашар, электр желілеріндегі сақтандырғыштарды қолданбаңыз. Қолдан жасалған жылытқыштарды пайдаланбаңыз! Электр жылыту мен басқа тұрмыстық құрылғыларды қараусыз қалдырмаңыз! Аулаңызды құрғақ шөптер мен қоқыстардан уақтылы тазартыңыз!Өртті уақтылы анықтау үшін, сонымен қатар барлық тұрғындарға ескерту ретінде үйді автономды өрт хабарлағышпен жабдықтауға болады. Бүгінгі таңда автономды өрт хабарлағыш өрттен болатын өлімнің алдын алудың тиімді құралы деп санауға болады. Бұл құрылғы тұтану кезеңінде әрекет етеді, сіз өртті кез келген құралдармен де, оны стакан су құйып та, қалың көрпемен жауып немесе гүл құмырасындағы топырақпен өшіруге болады.

Түтін алдымен жоғарыға көтеріліп, төбеге жиналады, содан кейін төмендейді. Сондықтан төбеге от хабарлағышын орналастыру тиімдірек және оны өзіңіз де орната аласыз. Бөлмеге бір хабарлағыш жеткілікті, қатты ұйықтап жатқан адамды ояту болады. Кішкентай балалары бар отбасылар үшін баланы қорқытпайтындай дыбысы біртіндеп көбейетін функциясы бар құрылғылар жасалған.


Сондай-ақ, автономды хабарлағышты арнайы өрт дабылы желілерін орнатуды және қосымша жабдықты пайдалануды қажет етпейді. Жылына кем дегенде бір рет батареясын ауыстыру керек. Жиналып қалған шаңнан жалған дабылды болдырмас үшін жарты жылда бір рет камераны шешіп оптико-электрондық сезбекті шаңсорғышпен тазалап отыру керек. Түтіндік хабарлағыш орташа есеппен 2500 - 5000 теңге тұрады, бұл өрттен болған шығынмен салыстырғанда едәуір аз. Сіз үйіңізге хабарлағышты орнатып, сіз мүлік пен өміріңізді өрттен қорғайтындығыңызға сенімді бола аласыз.

Балалар үшін дәптерге өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметінің (өрт сөндіру бөлімінің) нөмірін, сондай-ақ үйіңіздің мекен-жайын жазыңыз. Пәтердің (үйдің) кілтін бір жерде ұстаңыз. Барлық отбасы мүшелерінің кілт қайда екенін және қалай пайдалану керектігін білетіндігіне көз жеткізіңіз. Өрт сөндіргішпен және басқа да алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қалай қолдану керектігін және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды үйрету керек. Отпен абай болыңыз және үйде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз.

Ересектер, есіңізде болсын: балаларына жауапсыздық танытқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыласыздар. Сіздің және балаларыңыздың өмірі көбінесе сіздің өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға деген көзқарасыңызға байланысты. Кемелетке толмағандарды үйде қараусыз қалдырмаңыз! Сіріңкелер мен тұрмыстық техниканы балаладан жасырыңыз! Отпен және электр құрылғыларымен ойнау қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін екенін балаларға түсіндіріңіз! Балалардың бұл кеңестерді есте сақтауы өте маңызды. Балаларды жеке мысал келтіріп өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға үйретіңіз. Біз балаларымызға үлкен қамқорлық жасау арқылы ғана бала тентектігінен орын алған өрттің алдын аламыз, үйімізді, мүліктерімізді және ең қымбат нәрсе - баланың өмірін сақтап аламыз. Әрине, өрт қауіпсіздігі ережелерін өзіңіз сақтаңыз, балаларға қылмыстық немқұрайдылыққа жол бермеңіз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!



ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»

Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензиялау порталы арқылы көрсетіледі.Сондай-ақ Бақтыбай ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1802 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ